



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

25.01.2019 № 3/0

Астана қаласы

**«Астана қаласының Қаржы басқармасы»  
Мемлекеттік мекемесінің  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын  
бекіту туралы**


Қазақстан Республикасы Заңының 18 қарашадағы 2015 жылғы 10-бабына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу, жөніндегі стандарттарына сәйкес  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Астана қаласының Қаржы басқармасы» ММ-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын (бұдан әрі – Стандарт) қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Басқарманың барлық қызметкерлеріне бекітілген стандартты қызметтік міндеттерін атқару барысында қатаң басшылыққа алу.

3. Бекітілген стандартты әкімшілік бөлімі Басқарманың интернет-ресурсына орналастыру қамтамасыз етілсін.

Басқарма басшысы

 Ә. Жұмаев


25. 01. 2019  
№ 3/0

**Об утверждении  
Антикоррупционного стандарта  
Государственного учреждения  
«Управление финансов  
города Астаны»**

В соответствии со статьей 10 Закона Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года «О противодействии коррупции», Методическими рекомендациями по разработке антикоррупционных стандартов, утвержденными Агентством по делам государственной службы Республики Казахстан и противодействия коррупции **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить антикоррупционный стандарт государственного учреждения «Управление финансов города Астаны» (далее - Стандарт), согласно приложению.
2. Всем сотрудникам Управления в процессе выполнения должностных обязанностей руководствоваться и строго соблюдать утвержденный Стандарт.
3. Административному отделу опубликовать утвержденный Стандарт на интернет-ресурсе Управления

**Руководителя Управления**

 **А. Жумаев**



«Астана қаласының Қаржы басқармасы» ММ  
2019 жылғы 25 қаңтар  
№ 3/0 бұйрығымен бекітілген

## «Астана қаласының Қаржы басқармасы» Мемлекеттік мекемесінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. «Астана қаласының Қаржы басқармасы» Мемлекеттік мекемесінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес қоғамдық қатынастардың жекеленген салаларында (бұдан әрі – қоғамдық қатынастар саласы) әзірленді:

- 1) жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару;
- 2) жергілікті бюджетті атқару.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеуші «Астана қаласының Қаржы басқармасы» Мемлекеттік мекемесі болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт сыбайлас жемқорлықты ескертуге бағытталған ұсынымдар жүйелерін қоғамдық қатынастардың жекеленген салалары үшін белгілеуге бағытталған.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеудің міндеттері:

- 1) қоғамдық қатынастардың жекеленген салаларында жұмыс істейтін тұлғаларда орнықты сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәртіпті қалыптастыру;
- 2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың жағымсыз салдарларының алдын алу болып табылады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың принциптері:

- 1) заңдылық;
- 2) транспаренттілік;
- 3) әдептілік;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;
- 5) мүдделердің дау-жанжалдарын жібермеу болып табылады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қоғамдық қатынастардың жекеленген салаларында жұмыс істейтін тұлғалардың белгіленген ережелерді